

1 Тақырып. «Қазақстан
Республикасының мемлекет
және құқық негіздері»
курсының пәні, жүйесі.
Мемлекет теориясының
негіздері.

Дәріс жоспары

- 1. Мемлекеттің негізгі ұғымдары, функциялары және нысаны
- 2. Мемлекет және құқықтың пайда болуының теориялары
- 3. Құқықтың негізгі ұғымдары, қайнар көздері, қағидалары, функциясы.
- 4. Құқық жүйесі ұғымы және құқықтық жүйелер
- 5 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

Мемлекеттің қалыптасуының батыстық типі. Мемлекеттің қалыптасуының шығыстық типі (өндірістің азиаттық типі)

- Өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде руханилық белгілер – мәдени, діни, ұлттық, психологиялық ерекшеліктер алынады.
- өркениеттік сипатына байланысты шығыстық, батыстық және аралас мемлекеттер болуы мүмкін. Тарихи кезеңдерге байланысты көне, ортағасырлық және қазіргі мемлекеттер деп бөлуге болады. Тарихи және мәдени даму сипатына байланысты шаруалық, өндірістік және ғылыми-техникалық болып бөлінеді. Экономикалық даму деңгейіне байланысты жоғары дамыған, орташа дамыған және дамушы мемлекеттер болып таралады.
- Формациялық көзқараста негізгі өлшем ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер (қоғамдық-экономикалық формация) қолданылады.

- Мемлекетті алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік өкіметтен ажырататын мынадай негізгі белгілері:
- 1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы. Мемлекеттік биліктің ерекше белгісі - оның жалпылық және әмбебаптық сипатында.
- 2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы.
- 3. Тұрғындардан салықтарды жинау
- 4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады.
- 5. Жалпыға міндетті нормативтік актілердің болуы.
- 6. Мемлекеттің келесі негізгі ерекшелігі – егеменділігінің болуына байланысты. Мемлекет егемендігі - мемлекеттік биліктің саяси-құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі.

Мемлекеттің пайда болуы жайлы теориялар

1. ТЕОЛОГИЯЛЫҚ :

НЕГІЗІН
САЛУШЫЛАР

Фома Аквинский,
барлық діндер

Мәні:

Мемлекет
құдайдың еркімен
өмір сүреді

принциптері

- Мемлекет пен құқықтың мәңгіліктігі,
- Мемлекеттің еркіне құдайдың еркі секілді бағыну,
- Мемлекеттің құдай еркіне (шіркеулер арқылы) бағыныштылығы

2. Патриархалдық :

**Негізін
салушылар**

Аристотель,
Фильмер,
Михайловский

мәні:

Мемлекет ұрпақтан ұрпаққа
тарайтын отбасынан пайда болады

принциптері

- Отбасы басшысы монарх болады
- Монарх билігі-әке билігінің жалғасы
- Әке-монарх билігіне бағыну

3. Органикалық :

**Негізін
салушылар**

**Платон
Г.Спенсер
Вормс
Прейс**

мәні:

**Мемлекет бұл-
Организм.**

принциптер

- адамдар бағыну қажеттілігін сезінеді
- элитаға бағыныштылықты ұғыну
- мінез құлықтың белгілі бір варианттары болуының әділеттілігін ұғыну

4. Психологиялық

Негізін
салушылар

Г.Тард
Л.Петражицкий

мәні:

Мемлекет адам психикасының
көрінісінің нәтижесі

принциптер

- адамдар бағынушылықты қажеттілік ретінде қарайды
- Элитаға бағынатындығын саналы түрде ұғынады
- мінез құлықтың белгілі бір ережелерінің болғанын қалайды

5. Қоғамдық келісім теориясы

**Негізін
салушылар**

**Т.Гоббс
Д.Локк
Ж.-Ж.Руссо**

мәні:

**Мемлекет -
Қоғам мен билеуші арасындағы
шарттың нәтижесі**

принциптер

**-мемлекет пайда болғанға дейін
адамдар «табиғи» жағдайда болды
-тәртіпті қамсыздандыру үшін қоғам бірқатар
құқықтарын билеушіге береді
-халық бағынуға, ал билік оның жағдайын
жасауға міндетті**

6.Материалистік

**Негізін
салушылар**

**Л.Морган
К.Маркс
Ф.Энгельс**


мәні:

**Мемлекет – қоғамның
экономикалық дамуының
нәтижесі**

принциптер

- теңсіздіктің пайда болуынан таптар мен тап күресі пайда болады**
- бір таптың екінші тапты жаныштау құралы**
- даму нәтижесінде қоғамдағы қайшылықтар басқаруды жетілдіруді қажет етеді**

мемлекеттің пайда болу жолдары




Шығыстық бағыт



Ежелгі шығыс, Африка, Азия

Жер қауым мен ұжым меншігі.
Ру басыларының қолына
жинақталған



Батыстық бағыт



Рим, Афины, Америка

Алғашқы қауымдық
құрылыстың ыдырауы, жеке
меншіктің, таптың пайда болуы



Ортақ фактор-
Таптық құрылымның ыдырауы
және ұйымдасқан мемлекеттік
биліктің қажеттілігі

Мемлекет нысаны (ФОРМАЛАРЫ)


Мемлекет
нысаны
Мемлекетті
ұйымдаст
ыруды
бекітеді

3 негізгі элементі

Басқару
нысаны

Аумақтық нысаны
(мемлекеттік құрылым)

Саяси (мемлекеттік) режим



- **Басқару формасы** – мемлекеттік жоғарғы биліктің ұйымдастырылуы: оның жоғарғы және орталық органдарың құрылымын, өкілеттіктерін, халықпен өзара қарым қатынасын білдіреді. Мемлекеттегі жоғарғы биліктің дебес немесе ұжымдық жүргізілуіне қарай :



монархия

Жоғарғы билік толығымен немесе ішінара бір адамның - монархтың қолында.

республика

Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарын азаматтар сайлайды немесе басқа органдармен белгіліген мерзімге тағайындалады.

М О Н А Р Х И Я

Басқару формалары

Ертефеодалдық (тарихта)

- жіктелген аумақ
- орталық билік әлсіз
- монарх билігі
- әлсіз мемлекеттік құрылым

таптық-
өкілеттілік
(тарихта)

- мемлекеттік басқарудың орталықтандырылуы
- таптық өкілеттілік жүйе атқарушы билік аппаратымен қатынаста

абсолюттік

- жоғарғы билік толығымен монархқа тиесілі
- оның өкілеттілігін шектейтін органдардың болмауы

Дуалистік
(тарихта)

Жоғарғы билік парламент пен монарх арасында бөлінген, үкіметті және атқарушы билікті құрады

парламенттік
(конституциялық)

монарх сөз жүзінде басқарушы болып қалады, шын мәнінде үкімет парламент алдында саяси жауапкершілікке тартылады

Заманауи республиканың негізгі түрлері

ПРЕЗИДЕНТТІК

ПАРЛАМЕНТТІК

Мемлекет
басшысы,
атқарушы билік
үкімет басшысы
президент, ол
үкіметті
жасақтайды

Президент
мемлекеттің
номинальдық
басшысы, оның
мемлекеттік билікті
жүзеге асырудағы
ролі көп емес,
атқарушы билікті
мемлекет басшысы
басқарады

Заманауи республиканың негізгі түрлері

АРАЛАС

СУПЕРПРЕЗИДЕНТТІК

КЕҢЕСТІК

президенттік республикадан – ел президентін халықтың сайлауы, үкіметті құруы, және парламенттік республика белгісі – үкіметтің ұйымдық дербестігі, үкімет басшысының болуы, үкіметтің парламен алдындағы жауапкершілігі

Жоғарғы билік президентте, шексіз және бақыланбайтын президенттік билік, үлкен өкілеттілік, ол парламентті таратып, референдум өткізе алады, заңды өзгете алады

Бүкіл биліктің өкілетті орган Кеңес қолында жинақталуы, басқа мемлекеттік органдар Кеңеспен құрылады және оның алдында есепті

Мемлекеттік құрылым формасы

Мемлекеттік құрылым формасы

Мемлекеттік құрылым формасы мемлекеттік биліктің әкімшілік-аумақтық және ұлттық-мемлекеттік ұйымдастырылуын, олардың арақатынасын, соның ішінде орталық және жергілікті органдар арасында өзара қатынасты көрсетеді

Мемлекеттік құрылым нысанын екіге бөледі: **унитарлық және федеративтік**

Унитарық мемлекет

1) Мемлекеттің аумақтық біртұтастығы;

2) Тұрғындар үшін ортақ азаматтық белгіленген

3) Мемлекеттің бүкіл аумағында біртұтас құрылым, біріңғай сот жүйесі;

4) Біртұтас заң жүйесі;

5) Салық жүйесі, яғни барлық салық орталыққа түседі, сосын барып бөлінеді.

Федеративное Мемлекет

1) Жоғарғы билік пен басқарудың екі сатылы жүйесінің болуы;

2) Екі азаматтық алу мүмкіндігі;

3) Заң жүйесі екеудегенмен жалпы федералдық жүйенің қарауына берілген мәселелерді шешуде федералдық заңдардың күші басым;

4) Федерация субъектілерінің өздерінің сот жүйесі болады;

5) Салықтың екі каналдық жүйесі, жалпы федералдық және федерация субъектілерінің салық жүйесі.

Саяси (мемлекеттік) режим

Саяси режим-мемлекеттік билік жүзеге асырылатын әдіс тәсілдердің жиынтығы.

Демократиялық және демократиялық емес.

Саяси РЕЖИМ

Деспотиялық режим Мемлекет басқаруда басшының толық билігі, құқықсыздық және басшыға сөзсіз бағыну.

Тирандық режим Жалғыз басқарушы, қарамағындағыларға қатысты бассыздық. Деспотиядан айырмашылығы: билікті басып алып заңсыз келеді.

Фашистік режим тоталитарлық режимнің бір түрі. Нәсілдік идеологияға негізделеді. Мемлекет заңды және фактілі түрде бір нәсілдің үстемдігін қамтамасыз етеді ол әдетте агрессиялық жаугершілік сыртқы саясатпен ерекшеленеді.

Авторитарлық режим. Мемлекеттік билік - басқарушы элита қолына жинақталған, үлкен өкілеттіктері мен жеңілдіктері бар лидер басқарады.

Демократиялық саяси режим. Демократия халық билігін білдіреді, сондықтан демократиялық режимнің ерекшелігі мемлекеттік билікті жүзеге асыруға халықтың тікелей немесе жанама түрде қатысуы.

- Назар аударғандарыңызға
рахмет!